



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮЛЕСІ: БҮГІНІ  
МЕН КЕЛЕШЕГІ****Молдашева Айгерим Есболовна,**Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «6М030100-  
Құқықтану»

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., професор Аленов М.А.

Қазір әлемнің көптеген аймақтары егіншілікті серпінді жүргізгенімен, жаһандық деңгейдегі экологиялық дағдарыста тұрған аймақтар қатарына енді. Әрине, химиялық заттарды енгізу ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді. Алайда химиялық тұрғыдан тосқауыл қоюмен қатар топырақ құнарлылығының негізін, оның гуминді заттарын бұзады. Дәл химиялық амалдарды қолдану нәтижесінде топырақтың қайта құрылымы жүзеге асады. 17-22 пайызға өсімдіктермен өңделетін, жеңіл еритін минералдық тыңайтқыштар желге қағылады және топырақтан шайылып шығарылады. Ал тез ерімейтін тыңайтқыштар топырақта жинала береді, өсімдіктерге жайсыз сыртқы пішінге айналады. Қорек элементтерінің жетіспеушілік тапшылығын тудырады. Сөйтіп, топырақты жайсыз пішіндегі қорек заттарымен молайтады.

Органикалық ауыл шаруашылығын зерттеу институты (FiBL) және Халықаралық органикалық ауыл шаруашылығы қозғалысы федерациясының (IFOAM) мәліметтері бойынша әлемде органикалық егіншілікке пайдаланылатын жерлердің көлемі ұдайы артуда. Соңғы 16 жылда олардың көлемі 4 есеге ұлғайды және 2016 жылы 48,7 миллион гектар алқапты құрады. Органикалық өндіріс туралы статистикалық мәлімет 172 елден келіп түседі. Әлемде барлығы 2,3 миллион органикалық өндірушілер сертификатталған, олардың  $\frac{3}{4}$  бөлігі дамушы елдерде орналасқан. Органикалық өнімнің негізгі мөлшері әлемнің жоғары дамыған индустриалды елдерінде сатылады. Жалпы тұтыну жағынан шамамен 78 пайызы Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріне тиесілі. Осыны есепке алғанда Қазақстанға да экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерін шығарып және сатудың тиімділігі көп. Осы бағытты берік мақсаткерлікті ұстанып, әлемдік нарықта нық орынға ие болуға ұмтылысымыз керек.

Қазақстан Республикасында кезінде экономикалық байланыстардың үзілуі, шаруашылық жүргізу формасының ауысуы, минералдық тыңайтқыштардың қымбаттауы салдарынан 1990 жылдан бастап республикада 672,1 мың тонна минералды тыңайтқыш өндірілген. Өндіріс көлемінің де, танаптарды пайдаланудың да ауқымы күрт төмендегені байқалады. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. 2015 жылы Қазақстанда минералдық тыңайтқыштарды пайдалану гектарына 5 келе әсер етуші зат шамасына ғана жетті. Ал бұл көрсеткіш дамыған елдерде 300-400 келеден құралды. Елбасы Н.Назарбаев өзінің халыққа арнаған Жолдауларында біздің республикамызда ауылшаруашылығын жүргізудің басым бағыты болып табылатын, органикалық егіншілік екенін үнемі айтып жүр. Бұл сала әлем бойынша қарқынды түрде дамып келеді.

«Жасыл экономиканы» қалыптастыру Қазақстан дамуының стратегиялық векторы негізінде Президентіміз былай деген: «Біздің елімізде жерлердің 90 пайызы химикаттармен ластанбаған. Сондықтан да, бүкіл әлем бойынша үлкен сұранысқа ие болатын таза органикалық ауылшаруашылық өнімдерін өсіруге мүмкіндік бар. Азық-түлікке деген сұраныс 2050 жылы 40 пайызға артады және «Жасыл экономика» индустриалды революцияның негізі болады». Осы тұрғыдан бірқатар міндеттер де алдымызға қойылды: егіншілік мәдениетін өзгерту, мал шаруашылығын жандандыру, ет, сүт және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ірі экспорттаушысы болу. Қабылданған шаралардың нәтижесі ретінде 2050 жылға дейін ауылшаруашылығы өнімі еліміздің ЖІӨ үлесінде 5 есеге артуы тиіс.

Қазіргі кезде елімізде органикалық өнімдерді өндірудің статистикалық хабарламасы жүргізілмейді. Бұл бағыт Қазақстанда енді дамып келе жатыр. Дегенмен, зерттеулер барысында анықталғандай, жалпы көлемі 300 мың гектар алқапта өсімдік шаруашылығының органикалық өнімдерінің экспорты жүзеге асырылады. Бидай, рапс, майбұршақ, зығыр және тағы басқа өнімдерден. ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы В.В.Григоровтың мәліметтері бойынша Қазақстанда эко өнімдерді шығаруға жарамды егістіктердің көлемі келешекте 13 млн. гектар астам жерді алуы мүмкін. Жағдайды түзеу және шикізат пен азық-түлік өндірісінің көлемін арттыру мақсатында келесі міндеттер шешілуде:

Өсімдік шаруашылығы саласында: кеңінен әртараптандыру, ауылшаруашылық өнімдері өндірісінің көлемін арттыру, топырақ құнарлылығын арттырудың негізгі жағдайларын жақсарту, суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және экологиялық таза өнім алу, ауылшаруашылық айналымына қазір қолданылмайтын және қордағы 6,8 млн.гектар жерлерді тарту, бұрын пайдаланылған 60 мың гектар суармалы жерлерді қалпына келтірудің маңызы зор.

Мал шаруашылығы саласында еттің экспорттық әлеуетін арттыру, отарлы мал шаруашылығын өркендету, жем-шөп өндірісін дамыту, азып кеткен жайылымдық жерлерді қалпына келтіру. Пайдаланылып жатқан 63 млн.гектар жайылымдық жерлерден 20 млн.гектар жерлерді суландыру жоспарланып отыр. Ал қайта өңдеу саласында: сапаның халықаралық стандарттарына көшу, өндірістің техникалық және технологиялық жағынан қайта жарақтандыруда.

Осыған байланысты 2015 жылдың соңында «Органикалық өнімді өндіру» туралы заң қабылданды. Ол экологиялық таза өндірісті дамыту үшін мүмкіндіктер ашты. Осы заңды қабылдай отырып, Қазақстан органикалық өндірісті қолдайтындығын көрсетті және оны өндірілетін өнімнің тазалығына кепіл беруге қабілетті мемлекет ретінде әлемдік нарықта орнықты.

Қазақстанның жырттылатын жерлерінің қорын 80 пайыздан астам тәлімі жерлер құрайды. Қазақстанның Оңтүстік шығысында тәлімі жерлер сұр топырақ және ашық-сұр топырақтардан тұрады. Олар төмен табиғи құнарлылығымен сипатталады: ашық сұр топырақтардағы гумус құрамы шамамен 0,6-1,2 пайызды құрайды. Кәдімгі сұр топырақта – 1,5-1,8 пайыз, ал ашық қоңыр топырақтарда 1,9-2,4 пайыз шамасында болады. Институт ғалымдарымен алғаш рет топырақтың минималдық және нөлдік өңдеу амалдары зерттелді. Онда сидералды дақылдардың биологиялық массасы жырттылатын қабатқа салынып, олар өздерінің қасиеттерімен топырақ құнарлылығына оң әсер етті. Сидераттар ретінде бұршақ дақылдары мен астық – бұршақ қоспалары (12 түрі) пайдаланылды. Олар өздерінің қасиеттерімен топырақ құнарлылығына оң әсер етті.

Келесі көрсеткіштер бойынша топырақтың құнарлылығын арттыру мен оның экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін, топырақ құнарлылығының негізгі элементтерін тиімді реттеу амалдары мен тәсілдері дайындалды. Үш жылдық дақылдардың егістіктерінде пайда болған бұршақ шөптері мен шөп қоспаларының оң ықпалы байқалды. Осылайша алынған мәліметтер негізінде ауыспалы егістіктердегі биологизациялау амалдары экономикалық және экологиялық тұрғыдан өзін-өзі ақтады. Бірақ біздің республикамызда органикалық өндірісті кеңінен дамыту үшін мыналарды әзірлеу және бекіту қажет:

1. Органикалық өнім мен шикізат өндірісінің техникалық регламенттері;
2. Органикалық өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау, сату субъектілерінің жұмысын мемлекеттің бақылау акредитациясының, сертификациясының ұлттық жүйесі;
3. Органикалық өнімді маркерлеудің талаптары мен тәртібі;
4. Органикалық өнімді өндіру үшін топырақ жарамдылығын бағалау тәртібі.

Міне, осы бір маңыздылығы жоғары мәселелер өмірдің өзінен туындап отырған қажеттіліктер. Осыларды іс жүзінде өндіріс ауқымында пайдаланатын болсақ, көп уақыт өткізбей-ақ қол жеткізе алатынымыз анық.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. -Астана, 2006
2. Назарбаев Н.Ә. Сындаларлы он жыл. - Алматы, 2003
3. Әкімбеков С., Баймұхаметова А.С., Жанандаров У.А Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. — Астана: 2002 .
4. Мұхамедиев Б.М., Дуламбаева Р.Т., Рахматуллаева Д.Ш. Макроэкономика. Оқу құралы. - Алматы, 2008
5. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы - ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан, 15.12. 2013 ж.

УДК 368.2.1

## **НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТРЕТЕЙСКОГО СУДА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНЕ**

**Сактаганова Акмарал Бакытовна**

aridnis@mail.ru

Магистрант 1 курса специальности «6М030100-Юриспруденция»Евразийского  
Национального университета им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Научный руководитель: к.ю.н., доцент кафедры Гражданского и экологического права  
Жусипова Б.А.

Вызывает интерес деятельность третейского суда в Казахстане. Третейский суд - это суд по согласию сторон, избираемый самими сторонами, для разрешения имущественных споров. Как средство разрешения экономических споров, он уже достаточно давно известен мировой судебной практике. Именно в подобных судах сегодня разрешаются большинство экономических споров. Третейские суды, как правило, рассматривают споры между коммерческими организациями. В Казахстане они получили распространение с начала 90-х годов, после перехода страны к рыночной экономике. Третейский суд в республике является общественным образованием, поддерживаемым государством в качестве правоприменительного органа. Согласно гражданского законодательства РК защита гражданских прав осуществляется судом, арбитражным судом или третейским судом[1]. В настоящее время в стране работает незначительное число третейских судов, получивших относительную известность. В их числе и Международный третейский суд Юридического центра «IUS», обобщая опыт которого, автор в этой статье рассматривает возможности и перспективы третейского суда в условия современного Казахстана.

Начиная с последнего десятилетия XX века, юристами и деловой общественностью стран СНГ активно обсуждаются вопросы, связанные с применением таких форм разрешения экономических споров, которые были бы альтернативными судебной системе. Тематикой обсуждений становятся вопросы проведения примирительных процедур, посредничества (медиации) и арбитража. Интерес к этим темам не случаен. Сложные условия развития рыночных экономических связей (остановка и перебои в работе местных товаропроизводителей, рост стоимости товаров и услуг, инфляция, криминал и др.) приводят к срывам в исполнении договорных обязательств и возникновению споров. Многократное увеличение числа спорных ситуаций заставляет стороны делового оборота искать эффективные средства решения гражданско-правовых конфликтов. Ведь экономический спор требует не только быстрого и четкого разрешения, но и такого же исполнения принятого решения. Поэтому стороны должны стремиться разрешить возникший спор путем переговоров, взаимных уступок, согласования измененных обязательств.

Практика показывает, что разрешение проблем между сторонами на основе переговоров эффективнее проводить с участием нейтрального посредника. Это позволяет не